

СТАЛИНДІК ТОТАЛИТАРЛЫҚ РЕЖИМНІҢ 1931-1933 ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНА ҚАРСЫ ҰЙЫМДАСТЫРҒАН ГЕНОЦИДИ

Смағұлов Н.Б., Куттымуратова Ф.К.
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

Кіріспе

Қазақ халқының тарихында ХХ ғасырдың 1930-1933 жылдарындағы қанқұйлы сталиндік режимнің әкелген зұлматтық саясатымен шендестіретін қасірет болған жоқ. Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы «кужак» деп атаған Ф.И. Голощекин мен диктатор И.В. Сталиннің қазақ ұлтына қарсы қолдан ұйымдастырған «ашаршылығы» әлі де болса тарихи бағасын алуы тиіс ақтаңдақ беттердің бірі. Қазақстанды Кеңес Одағының азық-түлік базасы деп түсінген большевиктер үсті-үстіне ет пен астық салықтарын салып, халықтың күнкөріс көзі саналатын барлық мал-мүлкін тартып алды. Осының салдарынан өзіне тән көшпелі шаруашылығы бар еліміз ашаршылыққа ұшырап, тағдырдың тәлкегіне ұшырады. Миллиондаған қазақ халқы туған жерлерін туған жерлерін тастап, Сібірге, Ресейдің ішкі өлкелеріне, Қытай мен Монғолияға, Өзбекстан мен Қырғыз жеріне қарай одан ары Ауғанстан жеріне қарай аш-жалаңаш үдере көшті. Зобалаңға тап болған аялы халқымыздың жол-жөнекей қаншасы көмусіз қалып, қаза тапқанын білмейміз. Ал елде қалған қазақ халқы аштықтың жан түршігерлік азапты өліміне ұшырады. Бұл үшін тікелей жауапкершілік Қазақстанда қолдан ашаршылық ұйымдастырып, қазақ халқына қарсы жазалаудың адам баласы естімеген әдіс-тәсілдерін қылмыстық жолмен мақсатты түрде жүзеге асырған сталиндік-қылмыскер фашистік-большевиктік билік жүйесінің өкілдері И.В. Сталин мен Молотовқа, Қазақстанды шексіз салық сала беретін азық-түлік базасы деп түсінген Кеңес Одағының ішкі және сыртқы сауда-саттық комиссары А.Микоянға және қылмыскер Ф.И. Голощекин бастаған әпербақан, сауатсыз, туған халқы бір үзім нанға зар болып аштан қырылып жатқанда «бейшара бақылаушы» ғана болып отырған республиканың сол кездегі басшылары Е.Ерназаров, І.Құрамысов, О.Исаевқа және т.б. кеңестік партияның билік өкілдеріне жүктелуі тиіс.

Зерттеу жұмысының деректер қоры мен тарихнамасы

Большевиктердің қазақ халқына қарсы жасаған қылмыстық саясаты – ашаршылық ақиқаты 60 жылға таяу уақыт бойы кеңес өкіметі тарапынан әдейі бүркемеленіп, зерттеуге тиым салынып келді. Ашаршылық туралы алдымен батыл пікірін білдірген 1963 жылы Мәскеу қаласында «Жас тұлпар» қозғалысын ұйымдастырушының бірі философ-зерттеуші Мұрат Әуезов қана болды. Тумысынан батыр, интеллектуалдық қабілеті мен ғылыми көкжиегі кең Мұрат Әуезов 1972 жылы Алматы қаласында Қазақстан Жазушылар Одағының пленумының трибунасынан: «1932 жылы халық трагедиясын сөз етпеу біздің жазушыларымыз өзінің халық алдындағы парызын да өтей алмай отыр. Сөйтіп, әдебиет өзінің ар-ожданынан айырылды» [1, 187 б.], – деп айтып зиялы қауым үшін жабық болып келген ашаршылық проблемасын батыл көтерді. Кәсіби тарихшыларға ашаршылық мәселесі зерттеу объектісі ретінде тек 1985-1991 жылдары Горбачевтік «Қайта құру саясаты» жылдарында зерттеуге мүмкіндік берілді. Зерттеушілер Қ.С. Алдажұманов, Т.Омарбеков, Ж.Әбілхожиндер алғаш болып, бұрынғы КГБ-ның «өте құпия» деп таңбаланған архив қорларында жатқан 1930-1933 жылдарға арналған құжаттарды тауып, зерттеп, ғылыми айналымға шығарды. 1991 жылы Зерттеушілер С.Әбдірайымов, И.Н. Бухонова, Е.М. Грибанова, Н.Р. Жағыпарова, А.П. Осиповтардың құрастыруымен «Қазақ қалай аштыққа ұшырады: (Қасіретті жылдар хаттары)» [2] атты құжаттар жинағын жариялады.

Бұл еңбектің құндылығы сонда, жинақта қазақ халқына орны толмас қасірет пен қайғы әкелген большевиктердің 1930 жылдардағы ойраны туралы сол кездегі кеңестік партия қайраткерлері Т.Рысқұловтың, О.Исаевтың, Ғ.Мүсреповтың, М.Ғатаулиннің, Л.И.

Мирзоянның т.б. тұлғалардың Сталинге, Орталық Комитетке, республика басшыларына 1931-1933 жылдары жазған хаттары тұңғыш рет жарияланған. Ол хаттарда сол бір сталиндік қылмыскер жүйенің қазақ халқына жасаған геноцидтік саясатының салдарынан болған жағдайды айқын бейнелеп, аштық пен азапты өлімнің себептері мен салдарлары көрініс тапқан. Және кеңестік кезеңде архив қойнауларында ондаған жылдар бойы құпия сақталып, ғылыми айналымға түспеген құжаттар негізінде шынайы баға берілген.

Академик М.Қ. Қозыбаевтың «Ақтандақтар ақиқаты» [3], еңбегі ХХ ғасырдың 1920-1930-жылдарындағы ұжымдастыру мен саяси қуғын-сүргін туралы мәселені саралауға көп септігін тигізді. Зерттеуші-ғалым Талас Омарбековтың «Зобалаң» [4], «Қазақстан тарихының ХХ ғасырдағы өзекті мәселелері» [5], «ХХ ғасырдың 20-30 жылдарындағы Қазақстан қасіреті» [6] зерттеулерінде сталиндік-кеңестік кезеңнің тарихында ұзақ жылдар «жабық» болып келген мәселелерді ұлттық көзқарас тұрғысынан зерттеп, методологиялық тұрғыдан жаңаша баға берілген. Талас Омарбеков іргелі ғылыми-зерттеу еңбектерінде кеңестендіру саясатының салдарларын көрсете келе, зерттеуші тоталитарлық қоғамның халықты үрей психологиясы ауқымынан шығармай, белгілі бір саяси шеңбер ішінде ғана әрекет жасайтын адамдарды тәрбиелеп, үнсіз бас шұлғи беретін құлдық психологиядағы тобырды тәрбиелейтін мемлекеттік аппарат машинасының әс-ірекетіне батыл баға берген. ХХ ғасырдың 20-30-жылдарында Қазақстанда кеңестік тоталитарлық жүйе жүргізген «Кіші Қазан», ауқатты шаруаларды тәркілеу, шаруаларды күштеп ұжымдастыру сияқты төтенше саяси-шаруашылықтық науқандарына архив құжаттары мен материалдары негізінде талдау жасап, шынайы ғылыми тұжырымдар түйіндеген. 1920-1930-жылдардағы Қазақстандағы саяси-әлеуметтік жағдайларды тереңінен саралай отырып, зерттеуші Талас Омарбеков нақты деректер негізінде сол жылдарда жаңа қалыптасып келе жатқан әміршіл-әкімшіл билік жүргізуге қарсы шыққан қазақ зиялыларының көзқарасын, қоғам құрылысын ұйымдастыру жөніндегі пікірлерін талдайды. Көрнекті ғалым М.Х. Асылбековтың және демограф М.Тәтімовтың еңбектерінде Қазақстандағы 1920-1930 жылдардағы әлеуметтік-демографиялық үрдістер жан-жақты зерттеу арқауы болды.

Шетелдік тарихнамада да зерттеліп отырған мәселе бойынша жарияланымдар бар. Американдық ғалым М.Олкоттың «Қазақтар» [7] деген кітабында да бұл мәселе жалпылама түрде, негізінен кеңес тарихшыларының еңбектеріндегі деректер негізінде баяндалған. Арнайы зерттеуге тоқталсақ, бұл мәселе АҚШ-тағы Мэриленд Университетінің профессоры, ғалым Сара Камеронның «Аштық жайлаған дала. Ашаршылық, озбырлық және Кеңестік Қазақстанды орнату» [8] еңбегінде сталиндік режимнің адамзатқа қарсы яғни қазақ халқына қарсы жасаған ең бір жантүршігерлік қылмыстарының бірі – 1930-1933 жылдардағы орын алған Қазақ ашаршылығы туралы зерттейді. Автор Қазақстанда 1990 жылдардан бері қарай жарық көрген құжаттық жинақтар мен қазақстандық зерттеушілер еңбектеріне сүйене отырып, қазақ шаруаларының әлеуметтік жағдайын, отырықшылануын, ұжымдастыру барысын және оған қарсы шаруа наразылықтарын баяндайды. Гарвард университетінің Украин зерттеу институтының зерттеушілері Роберт Конквест пен Джеймс Мэйстің бірлескен жобасы нәтижесінде Р.Конквестің 1986 жылы «Жатва скорби: советская коллективизация и террор голодом» [9] кітабы жарық көрді. Роберт Конквест тарихшыларды шындықпен бетпе-бет келіп, аштық пен ұлттық мәселе туралы ойлануға мәжбүрледі. Сонымен қатар Қазақстандағы аштықты Украинадағы аштықтан бөлек қарау қажеттігін көрсетті. Сондықтан жалпы ашаршылық жылдарының тарихнамасы мен оның ішінде «ашаршылықтың» тарихнамасы оның кітабынан басталады ғылыми тұжырым жасауға болады. Ал қазақ жазушыларының арасынан 1930-1933 жылдардағы большевиктердің қолдан ұйымдастырған ашаршылық саясаты туралы Смағұл Елеубайдың «Ақбоз үй» атты романын ерекше айтуға болады.

1930-1933 жылдардағы коммунистердің әміршіл-әкімшіл саясатының зардаптары туралы мәселені тереңдетіп зерттеу үшін Отандық тарих ғылымының тарихнамасының

алдында 1920-1950 жылдардағы Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси жағдай туралы іргелі ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізудің әлі де қажет екенін көрсетеді.

Зерттеудің нысаны - Сталиндік тоталитарлық режимнің 1931-1933 жылдардағы қазақ халқына қарсы ұйымдастырған ашаршылығы: зардаптары мен салдары туралы

Теориялық әдіснамалық негізі – Мақаланы жазу барысында алынған ақпараттардың шынайылық деңгейін анықтауға мақсат еттік. Зерттеудің негізгі әдісі ретінде тарихи-салыстырмалы әдісті және синтез, анализ, жинақтау, қорыту әдістері қолданылды. 1931-1933 жылдардағы қазақ халқына қарсы жасалған ашаршылық туралы фактілерге сүйене отырып, тарихи оқиғаларды интерпретациялауға мүмкіндік беретін нарративті әдіс негізге алынды. Ашаршылыққа бүгінгі күнгі көзқарас тұрғысынан баға беруге талпыныс жасалынды.

Зерттеу жұмысының хронологиялық шеңбері – 1931-1933 жылдардағы сталиндік режимнің қазақ халқына қарсы ұйымдастырған ашаршылығы.

Негізгі бөлім

1927 жылы желтоқсанда ВКП(б) XV съезі болып, ол ұжымдастыруға бағыт алған съезд ретінде тарихта қалды. Съезде 1932 жылға дейінгі қысқа мерзімде жеке шаруа қожалықтардан ұжымдық шаруашылық жүйесіне көшуге шешім қабылдады. 1928 жылы 27 тамызда Қазақ Орталық атқару комитеті мен Халық Комиссарлар кеңесі «Аса ірі бай шаруашылықтары мен жартылай феодалдарды тәркілеу мен жер аудару» туралы декрет қабылданды. Өлке мен округтік ұйымдардан ауылдарға ең қатал нұсқау және үлкен құқықтық еркіндікпен қаруланған 4812 өкіл аттандырылды. Олардың бәріне тән «қасиет» мәселенің мәніне бармау мен қаһарлы қаталдық болды [9, 214 б.]. Қабылданған декрет бойынша, ірі байларға көшпелі аудандарда ірі малға шаққанда төрт жүз бастан жоғары малы бар, жартылай көшпелі аудандарда үш жүз бастан жоғары малы бар қожалықтар жатқызылды. Ал отырықшы аудандарда мұндай меже жүз елу бастан жоғары қарай болды. 1928 жылы 17 қазанда Қазақ АКСР-нің ОАК мен ХКК «Тәркілеуге және жер аударуға қарсылық көрсеткен байлардың қылмыстық жауапкершілігі туралы» қаулы қабылдады. Байлардың шаруашылығын тәркілеу және тап ретінде жою жөнінде үкімет жанынан Орталық комиссия құрылды [10, 215 б.]. Бұл Орталық комиссияны Голощекиннің қолшоқпары болып, 1931-1933 жылдардағы қазақ халқын жаппай ашаршылыққа ұшыратуға себебін тигізген, сауатсыз белсенді сол кезде Қазақ АКСР-нің үкімет төрағасы болған Е.Ерназаров басқарды. Тәркілеу қазақстанның аграрлық экономикасын бір қадам да алға ілгерлеткен жоқ. Керісінше мыңдаған жыл бойы дамып келе жатқан классикалық шаруашылықтың негізгі тірегі саналатын бай шаруашылықтың шаңырағын ортасына түсіріп, мыңдаған отбасыларды жойып жіберді. Күштеп ұжымдастыру мен отырықшыландыру саясатына қазақ қайраткерлері қарсы шықты. Мәселен, Әлихан Бөкейхан қазақтарды отырықшылыққа эволюциялық жолмен біртіндеп көшіру қажеттілігін түсіндіріп, дәлелдеді. Ал Міржақып Дулатов: «Қазақ халқы көшкілері келгеннен кейін көшіп-қонып жүрген жоқ, табиғат жағдайына байланысты көшіп жүр»,– деп өз ойын ашына білдірді. Смағұл Сәдуақасов Кеңес өкіметінің қазақтарды жаппай отырықшыландыру саясаты жөнінде: «Өркениет ешқашан мал шаруашылығымен айналысуға тиым салмайды, керісінше оның өркендеуіне жол ашады»,– деп атап көрсетті. Тұрар Рысқұлов КСРО Бүкілодақтық Атқару Комитетінің сессиясында сөйлеген сөзінде қазақтар үшін жекеменшік мал басын 6-7-ден асырмау саясатының үлкен зардаптарға әкеліп соғатынын ескертті [10, 214 б.].

Ұжымдастыру жергілікті халықтың ерекшеліктерін есепке алмай күштеу саясаты арқылы жүргізілді. 1928 жылы Қазақстанда ұжымдастырылған шаруашылықтар 2%-ды құраса, 1930 жылы 1 сәуірде бұл көрсеткіш 50,5%-ды, ал 1931 жылы қазанда 65%-ға жетті. Кейбір облыстарда мұндай «екпінді» көрсеткіш бұдан да өсіп кетті. Мысалы, Орал, Петропавл округтерінде қазақтардың жеке шаруа қожалықтарын ұжымдастыру 70%-ға жеткен. 1931 жылдың күзінде республикадағы 122 ауданның 78-де жаппай шаруаларды

ұжымдастыру 70-100% орындалған. Қатал әрі күш қолдану әдісімен жүргізілген ұжымдастыру саясаты өрескел заң бұзушылықтармен жүзеге асырылды. Әсіресе адамның жеке басының бостандығы мен құқығы аяқасты тапталды. Қарапайым қазақ шаруаларын заңсыз тұтқындау, қорқыту, жер аудару, сотсыз ату т.б. заңсыз жазалау шаралары қолданылды. Ауыл шаруашылығын ұжымдастыру идеясы әуел бастан-ақ мейлінше қатаң жүргізіліп, жаппай қуғындау мен террорға негізделді. Алдын ала даярлықсыз, жергілікті жағдайлар ескерілместен, көбінесе әкімшілдік-күштеу әдістерімен жеделдете жүргізілді. Көшпелі ауылдарда ұжымдастыруды жеделдету жөнінде нұсқаулар түсіп жатты. Ешбір әлеуметтік-экономикалық негізге сүйенбей жүргізілген ұжымдастырудың салдарынан қазақ ауылының ғасырлар бойы қалыптасқан өмір салтын түп негізіне дейін күйретті. Қазақ қоғамының әлеуметтік негізі жойылды, ғасырлар бойы көшпелі өркениет жасаған тіректер қиратылды [5, 274 б.]. 1931-1932 жылдары Шұбартау ауданында барлық малдың 80%-і мемлекетке еске өткізілді. 173 мың малы бар Балқаш ауданына 297 мың малға салғырт салынды. Торғайлық асыра сілтеушілер: «Асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын!» деген ұран тастап, онда миллионға жуық малдың небары 98 мыңы қалды [3, 178 б.].

Қазақ шаруасының дәстүрлі шаруашылығын қатыгездікпен күйрету әуелі мал шаруашылығына, оның соң қазақ халқының өзіне орасан зор апат әкелді. Көшпелі және жартылай көшпелі аудандар бұдан қатты күйзелді. Қазақтың дәстүрлі мал шаруашылығын күйрету, ет және астық дайындау науқандарындағы большевиктердің бейбіт халыққа жасаған зорлықтары мен қылмыстары, тұтас әулеттер мен семьяларды қатыгездікпен қырып-жойып жіберуі, күштеп ұжымдастыру және кінәсіз шаруаларды кеңес органдарының «ұлтшыл», «бандит», «контрреволюционер» деген жалған жалалармен жаппай қуғын-сүргінге ұшыратуы саясатын қылмыскер-коммунистік жүйенің қазақ халқына қарсы жасаған «Адамзатқа қарсы қылмысы» деп тануымызға әкеледі. Үкімет қазақтың қолындағы барлық малды тартып алуының салдарынан 1930-1933 жылдары ел жаппай аштыққа ұшырап, 2 миллионнан астам адам құрбан болады. Тоталитарлық жүйе ұзақ жылдар бойы тарихымызда ашық айтуға тыйым салып келген осы жалпы халықтық қасірет қазіргі күні арнайы зерттеулерді күтіп жатыр.

Мал тапсыру, астық өткізу жоспарын үстемелеп берген сол кездегі КСРО сауда және жабдықтау наркомы Анастас Микоян болды. Ол 1930, 1931 жылдары Алматыға келіп осындай халқымыз үшін зардабы ауыр тапсырмаларды орындатқан [11, 12 б.].

1930-1933 жылдары алапат ашаршылық Қазақстанда кеңінен таралғанда жағдай тіптен ауырлап, басқа аймақтарға қазақтардың тірі қалулары үшін жаппай аш-жалаңаш босулары орын алды. Исаев пен Орымбаевтың 1932 жылы 11 мамырда Мәскеудегі Халық Комиссарлары Кеңесіне жолдаған мазмұндама хатында большевиктердің қылмыстық әрекетінен жаппай аштыққа ұшырап жатқан қазақ халқының жағдайын былайша мәймөңкелеп: «Егіннің шықпай қалуының және кулактар мен байлардың үгітінің әсерінен 1931 жылдың аяғында 1932 жылдың басында қыруар қожалықтар басқа облыстар мен республикаларға ауып кетті және қоныс аударды, дәл сол сияқты Қазақстан шеңберінде де: ауданнан ауданға және қалаларға ауа көшу, қонысаудару орын алды... Егер осы процесті Қазақстанға түгелдей шақсақ, онда қоныстан ауу мен қоныс аудару есебінен кеміген қожалықтардың саны 300 мыңнан асып» [2, 110 б.], – деп баяндаған. Тарихи шындығына келгенде кеміген 300 мың шаруашылық орта есеппен алғанда 1 млн 500 – 2 млн адамды құрайды. Демек 1932 жылдың 1 мамырына дейін 2 млн-дай қазақ большевиктердің жантүршіген геноцидінің салдарынан қазаға ұшыраған. Бұл сұмдық Кеңес өкіметінің «адамзатқа қарсы жасалған большевиктік-фашистік қылмысы» емес пе? 1932 жылы шілде айында республика қайраткерлерінің бір тобы – Ғ.Мүсірепов, М.Ғатауллин, М.Дәулетқалиев, Е.Алтынбеков, Қ.Қуанышев аштық және оның себептері туралы БК(б)П өлкелік комитетіне, тікелей Ф.Голощекинге ашық хат жазды [2, 20 б.]. Т.Рысқұловтың И. Сталинге 1933 жылы 9 наурызда жазған хатында босқын қазақтар көшіп барған аудандардан алынған мәліметтер

бар. Бұдан аңғаратынымыз, көрсетілген уақытта Орта Еділде босқын қазақтар-40 мың, Қырғызстанда-100 мың, Батыс Сібірде-50 мың, Қарақалпақстанда-20 мың, Орта Азияда-30 мың адамға жеткен. Сондай-ақ Т.Рысқұлов босқындардың Қалмақ, Тәжікстан, Солтүстік өлке өңірінен де кездесетінін, Батыс Қытайға ауа көшкендерін атап көрсетеді [9, 274 б.]. 1931-1933 жылдардағы қазақ даласындағы жартүршігерлік ашаршылықтың көрінісін архив қойнауындағы құжаттардан кездестіреміз. Мұны Голощекин өзі жіберген жергілікті жерлердегі уәкілдері арқылы жақсы біліп, толық хабардар болып отырған.

Қарағанды облысы Шет ауданының тұрғыны белгілі өлкетанушы Кәмел Жүністеги «Қолдан жасалған қасірет» мақаласында мынадай мәліметтер беріп: «1930 жылы Қарағанды облысындағы Шет ауданында әр үйге 100-ден 500 басқа дейін мал салығы түскен. 1931 жылы халық басына түскен қасіреттен есінен танды. Шет ауданы халқына 120 мың бас мал тапсыру жөнінде салық түсті. Бұл малдың етін апарар жер, сақтар орын жоқ. Екенін біле тұра голощекин тобы осыны істеді. 1931 жылы елге аштық кірді... Ауыл қариясы Е.Мұхамеджанұлы белсенділердің бар малды сыпырып алғанын, шұбырған елдің жолшыбай қырылғанын, жүруге жарамай қалған бойжеткен қыз баланың алдында жанып тұрған отқа құларман болып тұрғанын жазса, К.Жанасылов Бетқайындағы қорадан адам сүйегін күреп шығаруға тура келгенін, Сарыөзектегі шашылған адам мүрделері талай жылдар шөп шаптырмағанын айтады. Қарт ұстаз С.Әбдрайымов Бөгілінің 1930-жылдары 150 үйінен әр түтіннен бірер адамы ғана бар 37 үй қалғанын, Қайша шешей екі үй тола қаттап жиналған өлікті ұраға көмдірген совхоздың директоры Соловьевтің тірі қалғандарды қапқа салып, суға лақтыртқанын айтқанда, жауыздықтың шегі жоғына еріксіз иланасың. Қарт ұстаз Қ.Ыбырайтегі босқан елмен бірге Сібір асып кеткенін, Қ.Аяпбергенұлы адамзат басына бермес аштықта кісінің кісіні жегенін жазғанда, не айтарыңды білмейсің» [12, 12 б.], – деп жазғанын оқи отырып, бұндай ашаршылықтың ауыр зардабын жан-дүниенімен түсінесің. Ал бұндай жағдай 1930-1933 жылдардағы алапат аштық кезінде Қазақстанның барлық аймағына тән болған. Сол кездегі Қазақ АКСР-нің Максим Горкий ауданы №4 ауылдық советінің азаматы Дүйсенбинов Нұрғали Бүкілодақтық Орталық Атқару комитетінің төрағасы М.И. Калининге мынадай мәтіндегі қызметтік хат жолдайды: «Қазақстанды мекендеуші адамдардың бәрі аштан өліп жатыр, кейбір жерлерде, мысалы: Павлодар және Ертіс аудандарының № 9, 10, 11 ауылдық советтеріндегі, сондай-ақ Қазақстанның басқа да барлы аудандарында тұтас ауылдардың қырылып қалғаны байқалады. Соңғы уақытта барлық жерлерде өлім жайлаған, халық қырылып жатыр, мал атаулы мемлекетке өткізілген, ал мемлекет тарапынан колхозшылар астықпен жабдықталмайды, халық ішер ас жоқ, қорексіз отыр. Жергілікті ұйымдарда істейтін қызметкерлер, селолық, ауылдық Советтердің төрағалары мен мүшелерінің жергілікті белсенділері, партия ұйымдарының және кандидаттық топтардың хатшылары, сондай-ақ аудандық ұйымдардың қызметкерлері өзгенің мүлкін тонаумен айналысуда. Егер әлдебір азаматтан немесе колхозшыдан бір үзім нан, бір қадақ ұн, не бір кесек ет көрсе болғаны жалма-жан тартып алады және мемлекетке тапсырылады деген желеумен өздері пайдаланады. Ол аз болса, ақшаны, тәуір киім-кешекті және басқа да түрліше мүлікті тартып алады, тіміскелеп, тінту жасап, халықтың зәре-құтын қашырады. Егер әлдекім пара бергісі келмесе, онда адамды дауысынан айырады, мүлкін тәркілейді, сөйтіп ол «кулак» деп есептеледі. Осылайша қырып-жоюдан, өлтіруден, кәмпескелеуден, мүлкінің тоналуынан қорқып-үріккен халық бейшаралықтан қайыр сұрап немесе бөтен өлке мен дуанға, басы ауған жаққа қаңғырып кетеді. Әке-шешесі аштықтан шияттей балаларын тастап кетіп жатыр» [2, 104 б.], – деп өзінің көрген-білгенін қаз қалпында баяндайды. Бұл қызметтік хаттан біз ауылдағы ұжымдастыруды ешқандай ғылыми-сараптамалық негізгіз дәрекі түрде жүзеге асырған коммунистік биліктің өрескел қателіктерін байқаймыз. Кеңес өкіметінің қарапайым қазақ шаруаларына салған ауыр салығынан кейін күнкөрісінен айырылып, тағдардың қатал тәлкегіне түскен қазақ отбасыларының аштықтан қырылып жатқанын, адамгершілік пен адамшылықтың барлық

принциптерінен аттап өткен қылмыскер-коммунистік жүйесінің билігі өкілдерінің азғындықпен туған халқын қатыгездікпен тонаушылықпен айналысып кеткеніне куә боламыз.

Осы жағдайлардың барлығы жинақтала келіп, 1931-1933 жылдардағы аштыққа әкелді. Нәубеттен 2,2 млн қазақ Кеңес өкіметінің қолдан ұйымдастырылған ашаршылығынан қырылды. Бұл ашаршылық мемлекеттік саясаттың нәтижесінде қолдан жасалды. Зерттеуші Қозыбаев М.Қ. «1931-1933 жылдары қолдан жасалынған аштық және сонымен байланысты аурулардың салдарынан республиканың тұрғылықты халқының 1 млн 750 мыңы құрбан болды» [9, 275 б.], – дейді. Америкалық маман Марта Олкотт «Өткендегі әлеуметтік құрылым: Орта Азия қазақтары» деген еңбегінде 2 млн қазақ ашаршылықтың құрбаны болды [7, 35 б.], – деп көрсетті. Қазақстандағы Голощекиннің қылмысты әрекеттерін көре тұрып көрмеген, тіпті оның сойылын соғып өздері де қаттырақ сілтеген «шолақ» белсенділердің қолынан қазақ халқының 49% қырылды. Зұлмат ауқымының зор болғаны сонша, 1930-1933 жылдардағы Қазақ ашаршылығы тарихқа «нәубет», «ұлы жұт» ретінде қазақ халқының аса зор қасіретті жылдары болып енді.

Енді біз 1931-1933 жылдардағы большевиктердің қазақ халқына қарсы жасаған саясаты геноцид пе? әлде ұжымдастыру жылдарында болған кеткен қателік пе? деген сұрақтарға жауап іздеп көрейік.

1. Құрбандар саны бойынша 1931-1933 жылдары Қазақстанның әр түрлі аймақтарында болған «қасіретті ашаршылықты немесе нәубетті» қазіргі заманғы тарих кезеңіндегі тек фашистердің «адамзатқа қарсы жасаған қылмыстарымен» салыстыруға болады. Сонымен, 1932 жылдың аяғынан 1933 жылдың жазына дейін болған оқиғалардан бірнеше қорытынды жасауға болады:

2. 1931-1933 жылдары Қазақстандағы ашаршылық – бұл геноцид. Себебі, Қазақстандағы трагедия, ондағы адам шығыны орасан зор болды. Билік басындағы большевиктер бұған дейін дәстүрлі көшпелі шарушылық негізінде өмір сүріп келе жатқан қазақ шаруаларының тағдырына толық немқұрайы қарады. Қазақстанды тек Кеңес Одағының азық-түлік базасы деп есептеген.

3. 1928-1933 жылдар аралығындағы орын алған трагедиялық оқиғалардан біз Сталиннің қазақ халқын ашаршылықпен жазалағанын және ғасырлар бойы қалыптасқан қазақ қоғамының ұлттық құндылықтары мен этноәлеуметтік топтарын толық талқандап, жойып жібергенін көреміз.

4. Осы тұрғыдан қарағанда 1931-1933 жылдардағы Қазақ ашаршылығы Гитлердің еврей халқына қарсы жасаған «Холокост» саясатына ұқсайды.

1930-1933 жылдардағы Сталиндік режимнің қазақ халқына қарсы жасаған ең ауыр қылмыстық саясаты «геноцид» деген саяси терминге сәйкес келе ме? Деген күрделі сұраққа жауап іздеген зерттеуші Сара Камерон өзінің еңбегінде: «Қазақ ашаршылығының нәтижесінде миллиондаған қарапайым адамдар қаза тапты, ал тірі қалғандары жантүршігерлік азап шекті, яғни, бұл – Адамзатқа қарсы жасалған қылмыс болып табылады. Бұқаралық сана деңгейінде геноцид «қылмыстардың қылмысы» ретінде көпшілікке танымал болып қалса да, Қазақ Ашаршылығының геноцидтік заңды тұжырымдамасына сәйкес келмеуі бұл зұлымдықтың біз үшін маңызын төмендетпейді және де қазақтардың басына түскен қайғы-қасірет ауқымын азайтпайды. Керісінше, Сталиндік режимнің ең пасық қылмыстарының бірі болған Қазақ Ашаршылығының геноцидтік заңдық тұжырымдамасына сәйкес болмай шығуы – тарихшыларды бұқаралық тұрпаттағы ауыр қылмыстар мен оларды жүзеге асыру жолдарын сараптау мен зерттеу әдістерін өзгертуге итермелейді» [8, 205 б.], – деп тұжырымдайды. Зерттеуші Сара Камеронның еңбегімен толық танысып шыққан соң Сталиндік режимнің қазақ халқына қарсы жасаған әрекетін «геноцид», «Кеңес өкіметінің адамзатқа қарсы жасаған қылмысы» ретінде тануымыз керек деген пікірге келеміз. Себебі, қолдан ұйымдастырылған аштық қазақ халқының демографиялық дамуын тежеді. Қазақ

халқы 1926 жылғы санақтағы бұрынғы санына тек 40 жылдан кейін ғана, яғни 1969 жылы ғана жетті. Смағұл Елубайдың зерттеуі бойынша егер де 1921-1922 жылдардағы және 1930-1933 жылдардағы большевиктік режимнің қолдан ұйымдастырған ашаршылықтары болмағанда бүгінгі күнде қазақ халқының саны 100 миллион адамға жетеді екен [13, 11 б.]. Бұл бірден-бір дұрыс болжау. Зерттеушілер көбінесе аштықтың салдарынан тікелей қаза тапқан адамдардың санын көрсетеді. Ал, сол құрбан болған миллиондаған адамдардың дүниеге келуі мүмкін жас ұрпағының санын біз есепке алмай келеміз.

Қорытынды

Қорытындалай келсек коммунистік режимнің яғни, Сталиндік-Голощекиндік басқару аппаратының қазақтарды отырықшы шаруашылыққа көшіреміз деген идеясы – шын мәнінде қазақ халқын қорлап, ұлттық намысын, дәстүр-құқығын аяқасты етіп, қазақ қоғамын тас-талқан қылып күйретумен аяқталды. Орталықтың Қазақ өлкесіне салған ауыр салықтарының салдарынан қазақ халқының негізгі күнкөрісі болып саналатын мал-мүлкі коммунисттердің қорқыту мен қатаң түрде жазалау саясатымен түгел тартылып алынды. Нәтижесінде 1930-1933 жылдары миллиондаған қазақ халқы сталиндік коммунистік режимнің қолдан жасаған аштығынан ауыр шығындарға ұшырап, өлімге тап болды. Бұл Совет өкіметінің қазақ халқына қарсы жасаған қылмыстың ең ауыр түрі – фашистік-геноцид саясатының көрінісі болып саналады. Коммунистік-большевиктік эксперименттік саясаты салдарынан 1931-1933 жылдары Ұлы далада зарлаған ана, шырылдаған жас баланың сұраусыз көз жасы мен шаңырағы ортасына түскен қазақ ауылдары қалды.

Пайдаланған әдебиеттер :

- 1 Смағұлов Ж. Абыз дала, аңыз дала, Ақтоғай. Тарихи дерекнама. – Алматы: Арыс баспасы, 2018. – 218 б.
- 2 Қазақ қалай аштыққа ұшырады: (Қасіретті жылдар хаттары), Құрастырғандар: Әбдірайымов С., Бухонова И.Н., Грибанова Е.М., Жағыпаров Н.Р., Осипов В.П. – Алматы: Қазақ университеті, 1991. – 208 б.
- 3 Қозыбаев М. Ақтандықтар ақиқаты. – Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 272 б.
- 4 Омарбеков Т. Зобалаң. Күштеп ұжымдастыруға қарсылық. 1929-31 жылдары болған халық наразылығы: Оқу құралы. – Алматы: Санат, 1994. – 272 б.
- 5 Омарбеков Т. Қазақстан тарихының XX ғасырдағы өзекті мәселелері: Оқу құралы – Алматы: Өнер, 2003. – 551 б.
- 6 Омарбеков Т. 20-30 жылдардағы Қазақстан қасіреті: Оқу құралы. – Алматы: Санат, 1997. – 320 б.
- 7 Олкотт М. Казахи. – Издательство института Гувера. Стэнфордский университет. Калифорния. Серия: исследования о народах СССР. – 1988. – 79 с.
- 8 Камерон Сара. Аштық жайлаған дала: Ашаршылық, озбырлық және Кеңестік Қазақстанды орнату. – Басылым Досым Сәтбаевтың жеке қорының қолдауымен әзірленді. Алматы: Print House Greona баспаханасы, – 304 б.
- 9 Конквест Р. Жатва скорби: Советская коллективизация и террор голодом /Конквест Роберт; Пер.с англ. Израэль и Нели Май; под ред. Михаила Хейфеца. –London: Overseas publ. Interchange, 1988. – 620 с.
- 10 Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін) Бес томдық. 4-том. – Алматы: «Атамұра», 2010. – 752 б.
- 11 Кан Г.В., Шаяхметов Н.У. Қазақстан тарихы: Оқулық. Өңделіп, толықтырылып төртінші басылуы. – Алматы: Алматыкітап баспасы, 2012. – 320 б.
- 12 Алдажұманов Қ. Кеңес мемлекетінің ең үлкен құпиясы. // Егемен Қазақстан. № 56 (30035) – 2021. – 26 наурыз. – 12 б.
- 13 Жүністігі К. Қолдан жасалған қасірет. // Егемен Қазақстан. № 53 (30032). – 2021. – 19 наурыз. – 12 б.

ҚАЗАҚСТАН ДЕМОГРАФИЯСЫ. «ӨТКЕНІ, БҮГІНІ ЖӘНЕ БОЛАШАҒЫ»

Кенжебек Д.Қ.

Ғылыми жетекшісі: аға оқытушы Бекишев Қ.О.
Абай Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті
dimash_kenzhebek@mail.ru

Халықты көптеген қоғамдық және жаратылыс тану ғылымдары зерттейді. Осылардың ішінде демография ерекше орын алады. Демография гректің «demos» -халық, «gzafo»- жазу, сипаттау деген сөздерінен шыққан. Басқаша айтқанда - халық кең мағынасында (немесе ел-жұрт) адамдардың жиынтығын білдіреді. Ол белгілі бір территорияда (немесе жер көлемінде) өмір сүреді, іс-әрекет, қызмет жасайды. Демография халықтың құрамын, санын және оның өсуін, өнуін, көбеюін, азаюын зерттейді. Бұл процесте адамның жынысы, жасы, атқаратын қызметі, жұмысы, т.б. жақтары негізге алынады, (мысалы, некелесу, туу, миграция, өндіріске әсерін, т.б.) зерттейді. Әр қоғам халқының өзінің өсу, өнудегі ерекше даму заңдылықтары болады. Ал, мұның өзі қоғамның нақтылы әлеуметтік – экономикалық жағдайына байланысты. Халықтың санын, құрылымын және оның қозғалысын, дамуын, өзгеруін демография ғылымы, зерттейді.

Қазақстандағы қазіргі демографиялық үдерістер алыс және жақын шетелдермен тығыз байланыста және еліміздегі соңғы 20 жыл ішіндегі әлеуметтік – саяси, экономикалық үдерістерге тәуелді дамыды. Мәселен біз қарастырып отырған Ақмола өңірінде оның ішіндегі Бұланды ауданының демографиялық үдерісі сыртқы факторлармен ықпалдаса жүруі әсіресе өткен ғасырдың 80 – ші жылдарынан бастап тән сипат алды. Мәселен, әсіресе неміс ұлтының үлес салмағының кему тенденциясы 80 – ші жылдардың соңынан ерекше көрініс берді және ол белсенді демографиялық саясат жүргізген Герман Федаративті Республикасының өз отандастарын тарихи Отанға қайту саясатына, КСРО – дағы коммунистік режимнің құлауы нәтижесінде еларалық барыс – келіс иммиграцияны күшейтті, сондай – ақ тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы әлеуметтік – экономикалық құлдырау славян, грек сияқты этностардың өздерінің тарихи Отанына қайту үдерісін күшейтті. Сондай – ақ ел Астанасының Сарыарқа өңіріне ауысуы ел тарихындағы зор геосаяси өзгеріс болатын. Сондықтан жергілікті халықтың бір бөлігі әсіресе жастар, ауылдық жерлердегі жұмыссыздықтың артуына байланысты 25 – 40 жас аралығындағы экономикалық жағынан белсенді тұрғындар Астана құрлыстарына немесе үлкен қаладан басқадай тіршілік көзін іздеп қоныс аударды. Астана таяу аудандардың экономикалық жағынан белсенді халқын үнемі «жұтып» отыратын тұрақты факторға айналды[1].

Демографиялық саясат — халықтың ұдайы өсуі үшін мемлекет тарапынан жүзеге асырылатын әкімшілік, әлеуметтік, экономикалық және құқықтық шаралар жүйесі. Демографиялық саясат мемлекеттегі әлеуметтік институттар арқылы жүзеге асырылады. Шаралар тікелей (некеге тұру, отбасы жандарының туып-өсу қарқынын реттеу, көші-қонды бақышау, т.б.) немесе жанама түрде (халықтың өмір сүру деңгейін көтеру, көп балалы отбасына жеңілдік жасау, қоғамдық санаға ықпал ету, т.б.) жүзеге асырылады. Бұланды ауданындағы демографиялық үдерістеріне сол кезеңдегі елімізде қабылданған көші – қон заңының, көші – қон комитеті мен басқадай мемлекеттік саясаттың әсерлері өз ықпалын жасап отырды. Олар: «Ауыл жылдары», « Астананың азық – түлік» белдеуін дамыту туралы», « жүз мектеп, жүз аурухана», «Балапан» бағдарламалары, сондай – ақ көп балалы отбасыларға әлеуметтік көмек жүйесін үнемі дамыту саясатын жүргізу оң ықпалын тигізді.